

«Ертістің киелі жерлеріне саяхат» жас блогерлер конкурсының ережесі

1. Жалпы ереже

«Ертістің киелі жерлеріне саяхат» атты конкурсты М.М.Катаев атындағы Облыстық Оқушылар сарайы өткізеді.

Патриотизм өз жеріне, ауылына, қаласына және кішкентай Отанына деген сүйіспеншіліктен басталуы керек. Отанның өмірі мен және мәдениетімен танысу жас ұрпақты адамгершілік-эстетикалық тәрбиелеуге, олардың азаматтық қасиеттерін қалыптастыруға, жоғары патриоттық сенімдерді қалыптастыруға, оқушылардың белсенді өмірлік ұстанымына және замандастарының ерлік істерімен таныстыруға ықпал етеді, мәдениетті және ақыл-ой еңбегін енгізеді, бейбіт тұрғындардың мінезі мен тәрбиесін қалыптастыруға ықпал етеді.

2. Конкурстың мақсаты

Журналистика саласындағы және бейнелеу өнеріне деген кәсіби өзін-өзі анықтау мәселесіне мектеп оқушыларының саналы қатынасын қалыптастыру, Павлодар облысының оқушыларын, жасөспірімдерді және жастарды ішкі туризмді дамыту мәселелерін шешуге қатысуға тарту, жастарды тарихты, географияны, мәдениетті оқуға ынталандыруға бағытталған жобаларды әзірлеу насихаттау, жобаларды іске асыру.

3. Конкурстың міндеті

- Балалардың әлеуетін кеңейту, олардың шығармашылық қабілеттерін анықтау;
- оқушылардың бейнелеу өнері бойынша дағдыларын дамыту;
- дарынды оқушыларды анықтау, олардың өзін-өзі жүзеге асыруына жағдай жасау;

4. Конкурсқа қатысушылар: Павлодар облысының жалпы орта білім беру мектептерінің 1-11 сыныптар арасындағы оқушылар, қосымша білім беру мекемелерінің тәрбиеленушілері қатысады.

5. Конкурс талаптары:

Суретті кез келген техникада орындауға болады. Тақырыбы – Павлодар облысының киелі жерлері. Қатысушылар салған суреттерін фотоға түсіріп #всесакральныйпавлодаррисунок байқауының хэштегтерімен өздерінің жеке «Инстаграм» әлеуметтік желілеріне жүктеу керек. Қатысушылар салған суреттің киелі орынның атын жазу міндетті, өздерінің аты-жөнін, тегін, мектебін, аудан/қаласын міндетті түрде өз парақшасына жазу керек.

Конкурсқа қатысу туралы түбіртек пен өтінімді (1 қосымша) aipova-0583@mail.ru электрондық поштасына жіберілуі тиіс.

6. Конкурсты өткізу мерзімдері

6.1. Бірінші кезең: конкурстық жұмыстарды қабылдау - 2021 жылғы 5-25 қаңтар.

6.2. Екінші кезең: конкурстың қазылар алқасының жұмысы- 2021 жылғы - 26-28 қаңтар.

6.3. Конкурс жеңімпаздарын марапаттау – 2021 жылғы - 29 қаңтар.

7. Шығармашылық жұмыстарды бағалау критерийлері

- тақырыпты ашу,
- өзіндік ерекшелігі,
- шығармашылығы,
- суретті орындау технологиясы мен сапасы

8. Конкурса қатысушыларды марапаттау тәртібі

Жеңімпаздар анықталып, I, II, III дәрежелі дипломдармен, жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттармен марапатталады.

Жеңімпаздардың электрондық дипломдары мен жетекшілердің алғыс хаттары Оқушылар сарайының ресми сайтында орналастырылады

<http://www.dshk.kz/>

9. Конкурса қатысу үшін 500 (бес жүз) теңге жарна енгізу қажет.

Төлем мынадай деректемелер бойынша жүргізіледі:

Павлодар облысы әкімдігі,
Павлодар облысы білім басқармасының,
«М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны
Павлодар қаласы, 1 Май көшесі, 27
БСН 990240004211
ЖСК KZ18914072203KZ009LN
«Сбербанк» АҚ ЕБ Банкі
БИК SABRKZKA
Кбе 16

Каспий банк бойынша төлем жасау:

Төлемақы – Білім беру – Курстар және қосымша білім беру – Білім беру мекемесін таңдаңыз – М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайы – Аты-жөні,тегі – Сомасы – Төлеу.

(Міндетті түрде **КОНКУРС** деп көрсету керек)

Байланыс телефоны: 8 (771)-559-58-74

Конкурс үйлестірушісі: М.М.Катаев атындағы Оқушылар сарайының әдіскері
Аипова Асем Сериковна

№ 1 қосымша

**«Ертістің киелі жерлеріне саяхат»
жас блогерлер конкурсына
өтінім**

Қатысушының аты-жөні	Жетекшінің аты-жөні	Мектеп	Қала/аудан	Байланыс телефоны
----------------------	---------------------	--------	------------	-------------------

--	--	--	--	--